


Л 2005  
6085-К



**Аманжан ЖАҚЫПОВ**

**ЖАСЫРЫН  
ЖАЗБАЛАР**

СК











Аманжан ЖАҚЫПОВ

ЖАСЫРЫН

ЖАЗБАЛАР



Астана  
2004

821.512.122-Ч

ББК 84 қаз 7-4

Ж 21

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Пікір жазған: филология ғылымдарының докторы,  
профессор Тұрсын Жұртбаев

Жақыпов Аманжан

Ж 25 Жасырын жазбалар – Естеліктер, эссе – әңгімелер. Астана:  
Фолиант, 2004. – б.

ISBN 9965-619-82-4

Қазактың белгілі ақыны, сыншы, өдебиетші, этнограф, жазушы Аманжан Жақыповтың бүл кітабы – «Ұлттымның ұлы перзенттері», «Сапар – саяхат», «Көркем хаттар, көсем сөздер», «Жасырын жазбалар» атты торт болімнен түзілген.

Автордың әр шығармасында оның алымды ойы – сырлы, арынды тілі – суретті, қарымды қаламы – шебер де жүйрік.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған

55184 №

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КИТАПХАМАСЫ  
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

KITAPXANA

Ж 4702250101 04  
00(05) – 04



ББК 84 қаз 7-4

ISBN 9965-619-82-4

© Жақыпов А., 2004

© «Фолиант» баспасы, 2004

## 1 бөлім

Ақынам алғаш қызығы тұңғы, мәдениеттің  
шебер оюндағы есебінде жазылады: «Олар  
жыныстаң көркебүйнелек көзделеттің  
— шынортағы сирил атынан турағынан  
арқындағы таңсырдан да, шүлгінен да, руханың  
бояланадай. Осылыда “Мұқайдарек беред” — дегендегі  
таптімни, — жаңынан бас жасағынан таңсырдан  
туреткөр, — жаңынан бас жасағынан таңсырдан  
неділінің».

# ҰЛТЫМНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ



ДОДЖАРДЕСІН ТУРСА, ОНЫҢ ЕКІНШІДЕҢ РЫНДАҒЫ ТОРГЫДАСЫНДА АЛЫР



## Ұстаз

**М**ұқанды алғаш көрген күнім, өз өмірімдегі ең мәнді оқиға есебінде, қашанда қаз-қалпында көкейімде кешелі-бүгіндей сайрап тұрады.

Университеттің филология факультетіне тұра тартып кеп, документ тапсыруыма да Мұқаңың ұлы рухы себепші болғандай. Осында "Мұқаң сабак береді", – дегенді ес-титімін. Бала күнімнен бас алмай оқыған осынау ғажап суреткерді адамзат қауымынан оқшау тұлға ретінде сезінетімін. Ол кісінің әдебиет оқулықтарындағы бүйра шашын тең жара қасқыған жазық маңдайы, келісті кесек келбегі жүргеріме таңбадай басылған-ды.

1956 жыл. Бірінші курстың алғашқы айлары. Екі-үш дос жігіттер "Бүгін қандай жаңалық болар екен?" – деп бір-бірімізге елеңдеп тұрамыз. Ұстаздарымыздың бірі: "Жақында "Абай жолы" романдары бойынша гылыми конференция болады. Хабардар бол, қатысындар" деген-ді. Сол айтуды күні "Абай жолы" эпохеясын талқылауға арналған гылыми конференция өтіп жатқан Фылым академиясының үлкен залына келдік. Аяғымызды еппен басып, әркімге жасқана қарап, арт жақтан орын алдық. Бұрын мұндай ұлыжынын, үлкен босағаны көрмегендіктен бе, қысылып, үлкендерге үрке қараймыз. Кіріп келгеннен президиумның жуан ортасындағы Мұқаңды бірден таныдым. Ұзак, жылдар сарыла сағынып, анадайдан әкесін тірі көрген баладай, ту сыртым тұтас дүрліге шымырлап, көзімнен жас парлай жаздан басылдым. Мені танып қоятындағы бір сезім билеп, Мұқаңа тұра қараудан қаймыға беремін. Бір қарасам, Мұқаңың маңдайы алыстан, жұмыр қоңыр дәңнен асып түскен жалпақ жол тәрізді екен. Алғашында, өзіміз қатарлы жастар көрінбегендіктен, залдағы ірі агалардың бірі "Сендер негіп жүрсіндер мұнда?" – деп жасқап жіберетіндей, жаңадан келіп жатқан бірен-саран адамдардың арнаулы орны ма деп, қозғалақтап, олар орналасқан соң барып, түзелеміз. Мектепте ата-аналар жиналышы мен мұғалімдер мәжілісінің маңына баруга болмайды гой. Бір-екі мұғалімнің басы қосылып, әңгімелесіп тұрса, оны оқушының тындауы тәртіпсіздік болар

әді. Бірақ, бос шошу екен біздікі. Біраздан кейін бойымыз үйрене өзара күңкілдесіп, еркінсі бастидақ. Тіпті үзіліс кезінде әлгі өзіміз "қорыққан" агалардың қатарына аңдаусыз тұрып қалған екенбіз. Академик Марғұлан өзгелермен амандастын, бізге де қол ұсынды. Академиктің алақанынан он бойыма бір ыстық отты толқын жүйткіп өтіп, бір белгісіз сезім буын-буынымды босатып жіберді. Қыш-қызыл нараттай, даусы қарлығыңқы, айдын шалқар маңдайы төбесінен жіңішке бұғаз тәрізді әрі асып кеткен, тұлым шаштары толқын бүйраланып көтерілген осы адам жаңа ғана мінбеде тобірене сөйлегенде, бүкіл зал тына қалған. Мұқаңмен тең, тел өскен адамдай сөйлеген. Фылымның екі өркешіндегі қатар отырган Қаныш пен Мұқаңның қасына ең таяу отырган кісі де осы бір оқшау адам еді.

Романның тілі жөнінен қосымша баяндама жасаган Файнеддин Мұсабаев, Мұқаң қазактың кейбір байыргы сөздерінің мағынасын жаңғыртқанын, сөздік қордан шығып бара жатқанын "үйіріне" қосқанын, тіпті, қазақ тілінің тілдік ережесіне сүйеніп, сөз жасаганын талдап, мысалдар келтіріп, "өлтірі" деген созге келгенде, күмәнді пішінмен Мұқаң жаққа қараганда: "Пәлі, Файнеддин! Өлтірісін берген соң, өлі күйеу жатпас" деген баяғыдан бар сөз емес пе?" – деп Мұқаң дауыстап, екі алақанын бір-біріне жеңіл соғып, күлімдеп қалды. Залдағылар да Мұқаң қосыла қозғалып, көңілденіп кетіп еді. Файнеддин ұстаз алдында жаңсақ жауап айтып салған, үятты шәкірттей қысылып, әлгі "өлтіріні" қағазынан қаламымен қуалай іздең тауыш, өшіріп жатты.

Конференция көңілсіз емес еді. Бірақ соншалық, инабатты, салтанатты, салмақты, ойлы өтіп жатқан. Сол бір екі күн бойына үздіксіз айтылған алғыс – атақ, даңқ, мәртебе Мұқаңның күңгірт жүзін ой көлөгейлекен қалпынан, қымыл қозғалысын қас қабагындағы күйінен өзгерте алмаган-ды.

Конференцияның бір үзілісі біге бергенде, асығыс басып Сәбең келді (Сәбит Мұқанов). Мұқаңның қолын алыш, інілік ілтинаст, кішілік құрмет көрсетіп, қунақ, құліп, әлденендей себептермен кецигіп келгендейгін жылдамдата айтып, кешірім сұрап, дереу бір күлдірігі әңгімеге басты. Біз – екі-үш дос Алатаудың егіз шыңындағы сезілетін, құшақтаса қатар кетіп бара жатқан қос тұлғага сүйсіне қарап қалышыз.

Негізгі және қосымша баяндамалар, жарыссөздер, алғыс-тілектер аяқталып, екі күндік сол бір биік мінберлі конференцияның соңында Мұқаңа сөз берілген-ді. "Мен не айтайын", – деді Мұқаң бір сөт тосылып, толқып, – Бәрін де екі мың беттік "Абай жолы" романдарында баян еткендеймін. Кешеден бергі баяндамашы, галым-зерттеушілер мен сыншы әдебиетшілердің, қаламдас қауым, көне көз жолдастардың, әр ауан еңбек етіп жүрген өнер сүйген азаматтардың үлгілі, ойлы, парасатты баяндамалары мен сөйлеген сөздерінің қамтымаған қалтарысы қалмаган тәрізді".

Мұқаң осындағы аз-кем кідіріс, толасты сөздерден соң әрі қарай көл-көсір, ағыл-тегіл ойларын ағыта жөнелген. Алдымен, әрлі-нәрлі, өрісті-ойлы, жаңа сипатты, салауатты, мәдениетті әдеби сыншың төбесі көрінгеніне қуанышты екенін айтып, алғыс сезімін білдірді. Мұқаңың сол жолғы сезі басна беттерінде жарияланғандықтан, тек мына бір ойын жаңғыртып айтқым келеді. Баяндамашылар мен шығып сөйлеушілердің көшілілігі дерлік бірін-бірі қостан, "Абай жолы" романдарының алгашиқты екі кітабы соңғыларынан қызықты да, қызғылышты, әсерлі, көркемдік құны жоғары сияқты" дескен еді. Мұқаң осы жайға тоқталып, шамамен айтқанда, былай деген-ді:

"Оқушы қауым, қалай қабылдасаңыздар да, билік сіздердікі. Жазушы біз болғанмен, ендігі иесі – сіздер. Алгашиқты екі романда Абайдың бозбала, жастық, жілгіттік шагы қамтылған гой. Адам әрқашан балалық дәурен, жастық шағын сағына сез етер еді. Сіздер Абайдың жастық шағын оқу арқылы өздеріңіздің келмеске кеткен, қайтып қайырылмайтын жас өмірлеріңізді үшыратасыздар. Ал, жастар "Абай жолы" романдарының соңғы екі кітабындағы Абай өмірін әлі бастан кешпеген. Осы түрғыдан алғанда, алгашиқты екі кітапты оқшашау бөліп қарагандарыңыздың себебі жоғарыдагы жайларға байланысты ма дең тошылаймын. Ал Абай кеше қалың қазақ халқына, бүгінгі бізге, әлемге ұлы ойшыл, азамат ақын, үлгілі үстаз, ақылшы аға ретінде танылмап па еді. Соңғы екі кітапта қалың қауымның, қара халықтың мұн-мұқтажына оргақ досы, жанашыр ұлы, қаранды халқына сәуле-жарық, жол нұсқаған ұлы философ Абай көрінеді".

Осы бір ұлы туынды, дана жазушы құрметіне өткізілген үлкен конференциядан соң студент жас біз түріл, қазақ,

әдебиті мен мәдениетінің қасқабас қайраткерлерінен бастап ага буын, артқы леіт тұтас дүр сілкінгендей болды. Екі-ақ, күн ішінде әдеби сауатымыз ашылып, рухани нәр алып, осіп, үлкейіп қалғандай сезініп едік өзімізді.

Мұқаң университеттің филология факультетіне үшінші курстан бастап "Тұыстас әдебиеттер" және "Абайтану" атты курс-лекция оқыды екен. Сол үшінші курсқа да жеттік. Бірақ оқу жылының басында Мұқаң лекциясын бізден кейінгі екінші курсқа оқыды. Бір күні Мұқаң қолында жұпымын портфелі бар, қасында Теміргали Нұртазин, әлгі екінші курс аудиториясына қарай беттеп барады екен. Ақырын басып, соңдарынан жүріп отырдым. "Осы бір курстың өң-ажары қырқыншы жылдардагы балалардан өзгеше, өнді, ашаң-акқуба, бойшаң сияқты. Ана бір жылдардагы балалардың жалғақ бет, қысық, көзділері көбірек секілденуші еді. Мыналар Европа адамдарының үлгісін танытқандай", – деп келеді. Темекең оны құптал, құлай тыңдал барады. Мен Мұқаңдардан екі адымдай кейін, аяғымның ұшымен басып, демімді ішке тарта тыңдал, осы бір парасатты пайымдауды Мұқаңның аузынан шықкан қалпында жадыма сақтап қалған едім.

Мұқаң бізге лекциясын 1959 жылдың көктем айларында оқыды. Мұқаңның алғашқы сабагы болатын күні біздің курстың студенттері әдеттегі қалпынан мұлде сергек, университет есігін жаңа аттаған үяң студенттердей әдееппен басады аяқтарын. Қырынып, жуынып, таранып, таза киініскең. Мұқаң келетін қоңырау да соншалық қулаққа жағымды, сыңғырлап соғылғандай болды. Кейбір сабакқа қоңыраудан кейін де өртке айдаған жылқыдай, беттемей, үздік-создық, кірер едік. Енді жым-жыргт құтіп отырмыз.

Міне, Мұқаң да есік ашты. Дүр етіп орнымыздан тұрдық, Мұқаң салмақден басып, төрге тұра қараған күйі алғы жаққа отіп, беттін бізге бұрды. Амандасты да, сабак, бастауға ыңғайланды. Мұқаңа аңыра қарап қалыптыз. Бізге отыруға ишарат білдірді. Өзі отырған жоқ,

– Сіздер туыстас ұлттар тіліндегі газет-журналдарды жаздырып аласыздар ма, оқисыздар ма? – деген сұрақтан бастады.

Ешкім үн қата алмады.

– Нарыз филолог болу үшін, көп тіл білу керек. Ал, туыстас ұлттар тілін сіздер оқытушысыз-ақ, өз беттерінізben

оңай үйреніп кете аласыздар. Қыргыз, өзбек, татар, әзіrbайжан, түрікпен тілдеріндегі газет-журналдарды зейін қойып, пайымдаپ, барлаң оқи жүрсөніздер, сол тілдерге жаттығып, ол елдердің әдеби туындыларын төл тіліндегі түп нұсқадан оқып қанаар едіңіздер, — деп Мұқаң біздің туыстас әдебиеттерден хабарсыздығымызға қынжылғандай болды. Бұдан кейін Мұқаң туыстас әдебиеттерге біраз анықтама, алғысөз айттып, сабагын “Қыргыз әдебиетінен” бастап кетті.

Мұқаң өзбек, татар, әзіrbайжан, түрікпен, тәжік әдебиеттерінен лекция оқығанды да сонау ерте заман, көне дәүірден бері қарай олардың елдік, әдебиеттік тарихын тамылжыта баяндаپ кеп, совет тұсындағы жетістігін, үлкен өнер өкілдерін, қадау-қадау ақын-жазушыларын, ең соңғы жаңа гана жақсы нышан танытқан жастарына дейін айттып, суырып тастайды. Мұқаң лекциялары аз уақыт ішінде жаңа дүниенде бұрын-соңды болмаган үшан-теніз білім-түсінікпен, ыстық, әсермен баураш әкететін. Тагы да тамсанып, құмарың қанбагандай, жаугаңдаң үзіліске шыгар едік. Мұқаңның сабагына төменгі курстың, басқа факультеттердің, бөгде институттардың әдебиетке әуес студенттері, аспирантар, жас ақын-жазушылар, сыншылар тіпті біздің курстың туыстары, елден келген жолаушылар Мұқаңды көрмекке, тыңдамаққа келетін. Олар көбінесе аудиторияның орга шенінде, арт жақта, осы курстың студенттерін сағалаң, бой тасалап, қысылып отырадар еді.

Мұқаң оларды сезетін сияқты. Бір ретте адам әдегігіден тым көбейіп кетіп, староста бұлар туралы қаймыға ескертіп, қатысуына рұқсат сұрагандай өтініш білдірді.

Мұқаң “жарайды, жарайды”, — деп, тыңдаушылар орнығып болғанша, терезе жаққа мойын бұрып, ойлы кейіншен қарап тұрды. Бұдан кейін сабак кең аудиторияларда отетін болды.

Мұқаң қай елдің әдебиетінен лекция оқыса, сол елдің тілінде басылған бірнеше қалың томдарды ала келеді. Қыргыз әдебиетінен: “Манастан”, Тоқтагұлдан, Аалыдан өлең-үзінділер оқығанды, жырау қыргыз екен деп қаласыз.

Өзбек әдебиеті классиктерінен, Faфур Ғұламнан оқынанда, ғулама өзбек көз алдыңызға келеді. Мұқаңның қазақ екенін бір сәтке ұмтынып кеткендейсіз. Тоқайдан, Мұса Жәлелден

Үзінділер келтіргенде, майда жұмсақ татар әуенімен жыралап кетер еді. Мұқаң туыстас әдебиттердің әрқайсысын талдағанда, оларды бір-бірімен салғастырып, қазақ, әдебитімен, орыс, одак, көлеміндегі басқа жүрттар әдебиетімен қанаттастыра, жарыстыра тексеретін. Бірде Мұқаң қыргыз, өзбек, әзірбайжан, түркінен, татар, тәжік әдебиеттерінің 19-ғасырдагы ең ірі оқілдерін атай кең, олардың Абай жеткен биікке көтеріле алмагандығын ескергіті. Орыстың "Алтын гасыр" әдебиетінің алтын сәулеесін Орта Азия, күншығыс елдерінде Абайдан артық шамшырақ, қып маздатқан ешкім бола қоймағандығын, орысқа ең жақын отырган, қоян-колтық, араласқан татар әдебиетінде де Абай теңдес ұлы ақын шыққағандығын баян етті. Мұқаңның баяндау әдісінде шегініс көп болады. Бір мәселеден екінші ой туыш, ол ойдан тагы бір ой еске түсіп, оған байланысты және бір жай жанасын, осылай ұзақ түйін-түйін әңгімелер аяқсыз қалыш бара жатқандай көрінеді. Шахмат тақтасында ондаган адаммен жалғыз өзі ойнац, жаңылышсыз жүріш, ұтып шығатын асқан шебер шахматшыдай, Мұқаң да әлгі тасташ кеткен түйіндерін шетінен шеше берер еді де, алғашқы ойга үйіп-төгіп бағындыраш еді.

Мұның үгымға ешбір ауырлығы болмайтын. Қайта адамның ой-қиялын, ынта-жігерін құлшындырып, ылғи жаңа, соны жайларға бастап, гажайып ертегі сынды дуалы әсерімен ұзақ-ұзақ өріске ап кететін де, қайта ертіп алғашқы орнына әкелетін. Мен Мұқаңның нақ алдында, иек астында отыраш едім. Әр кез Мұқаңның өң-ажарына үрлана қарап, бағып жүрдім. Бұл кездегі өңі өшкіндеу, денесі толық болғанымен, жүзі жадау, бет терісі тым қуарыңқы, жұп-жұқа салқын, солғын күйінен аумайтын. Кейде қүлейін дегендей үн шығар-шықпас тыылыш, болар-болмас өңі бейімделіп барыш, ойлы-мұңды қалына түсетін. "Абай жолы" эпопеясы бойынша өткен конференцияда, тагы бір-екі үлкен кездесуде Мұқаң сөз арасына "гүмыр болса" дегенді қоса кеткен-ді. Осы сөзден шошына елең ете қалушы едім. Сондықтан да, алдында түрған алып ойлы адамның сөзінен де, өңінен де өмір сирін қатар оқып, үнін құлагымда, өң-ажарын көз алдында мәңгі сақташ қалуга ынтық, болдым. Қажып шаршаган, үйқысы қанбаган адамдай көз жанары кілегейленіп, көк болаттың қылауындаш күңгірт тартқан.

Бір гажабы – екі сағаттынбай сөйлегенде, даусы қарлығып, не әлсіреғен емес. Қыруар оқиға, сан алуан адам аттарына ешқашан антарылып, ойланбайды. Кейде бір түйдек ойлар тобымен тамагына кеп қалатын болу керек, сондайда басын бір иығына сөл бұрып, иегін ішке ала, қабагын шытып, жөткірініп қалғанда, әлгі толқын ойлар жөнкіле жөнелер еді.

Мұқаң "Абайтану" атты курс-лекциясын оқу алдында: "Мен сіздерге Абай тілін оқытуды, үйретуді мақсат етемін. Абай тілі – бүкіл қазақ халқының тілі, ана тілдерініз. Абай ойы адамзат қауымының озық ойы. Мұны білмесеңіздер, сіздердің филолог екендеріңіз өтірік. Әдебиет факультетінде оқып жүргендерің зия", – деген. Бұл сөздерден нақ өз басым оқып жүрген факультеттің мән-магынасын, болашақ мамандығымның тәгдышын түңғыш саналы сезінгендей, тебірене толқып едім.

Мұқаң "Абайтану" лекциясында "Иузи рәушан", "әлиф-биден" тартып, Абайдың барлық өлеңін бас-басына талдап, қара сөздерінен де бір де бірін қалдырмай сарапқа салғанда орта мектепте оқығандарымыз әліппе дәрежесінде екенін түсіндік. Мұқаң лекцияларынан соң гана Абай өлеңдерінің шырын дәмін тамсанып, сырына қанып, тұнығына жүзіп, түнғиғына баттық.

**Абайдың:**

"Адасқан күшік секілді,

Ұлып жүртқа қайтқан ой", – деген екі-ак жол үзінді өлеңін талдау арқылы Мұқаң, бір кездегі көшпелі қазақ өмірінің ғажайын тірі картинасын көз алдымызга жайып, ұлы Абайдың және ол өмір кешкен заман трагедиясын түлтеп қозғап, әлем әдебиетіндегі осы деңгейге жеткен образды ойды іздец, от қанатты шабытпен жарты сағат шарқ ұрган еді. Мұқаң Абай өлеңдерінен келтірген үзінділерді бірде-бір рет кітаптан қарған емес, жатқа айтатын.

Мұқаң бір күні лекциясының соңында: "Сіздерге тақырып беремін. Баяндама жасайсыздар. Білім-түсініктеріңізді, жазу-жаттығуларыңызды, еңбек-ізденулеріңізді, шамашықтарыңызды байқаймын", – деп Абай шыгармаларына арналған қырыққа таяу баяндама тақырыбын үlestіріп берді. Староста баяндамашы студенттердің аты-жөнін тізімдеп, Мұқаңа ұсынды. Біз бұған дейін Абай өлеңдерінің төрт-бес

топқа жіктелетінін гана білуші едік. Мұқаң тартқан тақырындардың әрқайсысы кандидаттық, атақ алуға жарайтындей. Студенттер абыржып, қысылып қалыстық, "Шама-шарықтарыңызды байқаймын", – дегені батып түр. Жиырма жасында "Еңлік-Кебекті" жазған Мұқанды қуандырлықтай, сол жастан өтіп кеткен, университеттің төртінші курсындағы біздерде творчестволық, қуаты бар студент бола қояр ма екен? Баяндамаларымыз – көшірінді, қүйкі, қарадүрсін боп шықты. Жалғыз-ақ ішімізде сол кезде өлең жазып жүрген Оразақын Аскардың "Абайдың ғашықтық лирикасы" туралы жасаган баяндамасына Мұқаң дең қойып, одан: "Көптен шұғылданып жүрсіз бе?" деп сұрап еді.

Менің алған тақырыбым "Абайдың жастық туралы лирикалары" болатын. Қысқаша жазып алған едім. Ауызша айттып шықтым. Мұқаң келесі студентті шақырайын деп қағазына үзілді. "Мұқа" деге де ыңгайсыз, "аға" деп те айта алмай, не дең назарын аударуды білмей, мінбеде тұрып қалдым. Мұқаң оң жақ тұсында тұрған маган мойын бұрганда, "Бір сұрауым бар еді", – дедім, демім дірілден. Мұқаңа бірінші үн қатуым еді бұл. – Қазақ "оыйн", "күлкі" деп бір мәнде айтатын сияқты. Абай "Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат" дегіті. Осыны білгім келіп еді", – дедім.

Мұқаң орнынан тұрып, студенттерге қараган күй сөйлеп кетті. "Жылаганды сұрама, күлгенді сұра" дегіті халық, Құлкінің астарында мың түрлі мән жатады. Өлімнен ұят құшті болса, сол ар-ұят күлкіден мерт болады. Соңдықтан да Абай "орынсыз ыржанда", "болымсыз қылжаңда", "күр күлкіні", "бос күлкіні", "күлкі баққан қуларды", "күлкішіл, кердең наданды" жек көрген, өлтіре шенеген.

"Күлдіріштеу, күлкішіл, қылжаңға ұста,

Кезеген ит тым-ақ, көп біздің тұста" –

деп жығылып жатып, қисайғанға күлетін, халық қамы былай тұрсын, қара басын ойламайтындардың несіне жетісіп мәз, несіне қарық, болатынына қуйініп, "шиыршық атып, толғанған", Абай "күлкіге" қарсы емес. "Жастықта бір күлгениң -бір қаралық" – деп, "арзан, жалған күлмеуді, шын күлуді" көксереген. Үйдің ауасын алмастырып, тазарттып, жаңарттып тұру сияқты, адаптацияның таза күлкі арқылы рахат лебі есіп, жан сарайымыз жаңғырады. Ондай күлкі жан-журектің қорегі, нәрі, ішкі сырымызды жарқырататын жүзіміздегі

сәуле. Адам өңінен құлкі арқылы оның бар кейпін көруге болады. Үлкендердің саналы құлқісі ойыннан тумаган орынды, ойлы құлкі болу керек. "Атан түйе ойнаса жүт болады", "ойнай берсең, бала боларсың" деп халық даналығы "ойын" мен "құлкінің" арасын ажыратқан.

Біздің кейбір сахналық шыгармаларымызда "құлкіні" "ойынға" айналдыратыны – "құлкіні" Абайша түсінбегендік. Құле білініздер, құлдіре білініздер, бірақ бос құлкі болмасын. Абай ардақтаған, Абай қымбат санаган құлкінің қасиетін кетірмей, қадіріне жетініздер!", – деп толғап еді ұлы ұстаз.

"Мұқаң қайтыс болды" деген хабарды естігенде, тәбеден үргандаі, үнсіз-тілсіз, үрииіп отырыш қалдық, Үш-төрт жігіт жатақханада жайбарақат жатқанбыз. Тұла бойым шой тартып, іші-бауырым езіле от болысып, көз алдым бір сәтке құңғірт тартып кетті...

Мұқаңның сүйегі Опера театрынан шықты.

Астана халқы сүйікті жазушысын ең соңғы рет көріп, қоштасып қалуға шеру тартып, сапқа тұрган.

Ағысы баяу, түсіз терең өзендей жай жылжыған жүргеңесі түскен ақ ордага еңкейіп кіріп, егіліп шығып жатыр. Ой мен парасаттың ұлы тұлғасы – Мұқаңның басында үздіксіз ауысқан құрметті қарауыл. Жогарыдан, сонау құния көктен құйылғандай қаралы құй боздап, сыңсып, құнрениді. Күйікті қүйден осынау қазақ өнерінің қара шаңырагы теңселіп, қүйзелгендей. Ауық-ауық, Құләш марқұмның құлындағы даусы шығып, шырқырайды. Алатаудай ағасының азасына ұлы әнші қабірінен тұрып кеп, дауыс айтып тұргандай.

Мұқаңның қабірінің басында Фабит Мұсіреповтің: "Ат тұяғын тай басар" деген ескі нақыл бұл жерге жүрмейді деген қасіретті шарасыз үнінен езіліп, "Ортамыздан ойылып қалған орнын мәңгі өлмейтін шыгармалары ғана толтырады", – деп жүрттына айтқан жұбатуына тоқтап, Мұқаңның қабіріне төбе бол үйілген жас топыраққа жасты көзбен қарай-қарай қайтып барамыз.

Елуінші жылдар бүгінде тарихқа айналған. Мұқаңның өзі де тарихи ұлы тұлғага ауысты. Институт, театр, көше, мектептердің аттары Мұқаң есімімен аталыпты. Ұлы жазушының мемориалдық музейі ашылыпты. Осының бәрі – халқымыздың ұлы жазушысын қаншалықты қастерлеі, ардақтағанының айғагы.

Мұқаңның музей үйі бүкіл дүние жүзі әдебиеті мен мәдениетінің сәулетті ордасы секілді. Орайы келгенде айта кестейік, осы музейде Мұқаңның 1960 жылдың көктемінде университеттің әдебиет кафедрасында біздің курстың студенттерімен түскен суреті тұр екен. Кезінде осы суретке түсуді үйымдастырган пысық жігіттерге аздал ренжітендей едік. Мұнымыз – біріншіден, Мұқаңды мазалауга қимагандық болса, сондай-ақ кейбіреулердің абыройлы адамдарға жақындаپ, жалған атақ үшін "біз осында болғанбыз" деп мақтандыру үшін жырындылық жасайтынан үялғандық еді. Ал бүтін, қандай ниеттен туса да, сол жігіттер иғлікті іс тындырган екен деп. олардан ғафу өтінгендейміз.

1967-1970 жыл

### Жазушы мен қымызшы

60 жылғы көктемнің ақырғы айы. Алматының көк базары осы шаққа лайық, бар байлығын жайып тастаған. Жүргізделегендегі табады. Қалаганың алады. Сәске түс кезінде бұл базарда бұрын бола бермейтін келісті киінген бір қазақ, қымызшылар жаққа қарай беттеді. Әр түрлі шыны ыдыстарын шылдырлатып, қымыз ұсынбақ болған сатушыларға бөргелмей, бұлардың бас жагына барды да, қайта ойысып, олғінде көзі шалып қалған, ұзын бойлы, дөңгелек шұшпақ, бөрікті, ақ шалмаган сақал мұртты, ажарлы қарияның алдына аялладады.

Қымызшы қарт салалы саусагын жая, жалпақ алақанымен торсығын сыртынан синап, толқытып-толқытып қояды. Қымыз торсықтың терісі қызығылт сары сақтиян былғары дөрсің, жылтырап көрінеді. Шебер пішип, жібін жасырып, жымын білдірмей тіккен торсық иесіне: "Құйып жіберілізші", – деп салмақлен үн қатты қымыз алушы. Қымыз торсығын тагы бір толқытып, сырлы тостағанға сыздықтата күйді. Қою да, сүйық, та емес. Нақ, қымыз. Иісі ерекше аңқып, ертедегі, елдегі қымызды еске түсіргендей. Түсі ақышыл сары. Асау да, жуас та емес. Бабымен ашыған. Қоснасыз, таза. Сарайды ашып, салқыннаттды. Тагы ішсе де, рахатпен сіңіп кететін. Қоңыр салқын қыратты жерде жайылған, қайратты шөп жеген биенің сүті.

– Литрі қанша?

— Сексен тиын.

— Отагасы, торсыгымен түгел аламын. Күн сайын қанша әкелсөңіз соны біздікіне беріңіз. Осылай тоқтасайық, — деп, жақты түзін бір силап, қымызышыга "жүрелік" дегендей ища-ра білдірді. Басқа сатушылар бағы жанган сыйбайласына қызғана, алушыға таңдана қарап қалған. Торсыгын қос қолдай көтеріп қымызышы:

— Бауыр, сіз бір-жар литр іше ме деп, артық айтуга аузым бармап еді. Кейде кемпір әкеледі. Ол менен гөрі қымбатшылдау, — деп құлімсірең еді, ана кісі:

— Бір сом болсын және өзім қарайласып тұрамын, — деп асырыс екенін аңғартты.

— О не дегеніңіз, о не дегеніңіз, базар нарқының әр түрлі болатынын айтқаным гой, әншейін, — деп, бір сомды ренішпен айтты ма дегендей, ана кісіге қарап еді, оның көзінен шынайы қамқор көңілмен айтып тұрганын түйді.

Ұзын қара "ЗИМ" көше қозғалысының аужайына бағып, жылжып келеді. Қымызышы екі тізесімен торсыгын түбінен демеп, ыдысының аузын қос қолдап қысып, шашыратып аламын ба деп қысылып, мұқият отыр.

Қымыз алушы арт жаққа мойнын бұрып:

— Торсығыңыздың терісін кім иледі екен? — деп тіл қатты. Екеуі базардагы саудадан соң үнсіз еді.

— Өзім илеуші едім, — деді қария қомақтанғанда қазгалып, өні ашыла өзгеріп, — жас күнімде жылқы бақтый, бие саудырдым. Ол күндеғіні қойшы, — дейді саяси сақтық жасап, — жайлауга шыға салысымен бие байлаймыз. Желі қазықты бұлақ бойына не көк жасаңға, әйтпесе қалың шалғынды жапыра қагамыз.

Қымыз алушы құшташ жөткіреніп қойды.

— Асай құлын өлген-тірілгеніне қарамай тік шапшып, не бұлқынып-бұлқынып, өзін жерге дүңк еткізеді. Сол құлындар көз алдыма келсе, әлі күнге жаным ашиды. Біреулері буынып, көзін алартып, біреулері оралып, мойны астына келіп жатқаны.

Қымызышы көсемсіп кеттім бе деп, тыңдаушысына сәлкем тігіліп еді, ол ойланып кеткен сияқты. Кенет:

— Айта беріңіз, айта беріңіз, — деп ықыласпен бас изеді. Қымызышыны алдындағы қыық айнадан көріп келеді: Палу-

ан денелі, ат жақты, ашаң жұзді, ақ жарқын, сезімтал адам. Өзінен төрт-бес жас үлкен-ау.

— Нешедесіз?

— Е, Бурақан болыс айтқандай, "малды-малға жеткізгенше, газірейіл жанга да жетеді" деп, пайғамбар жасынан астым.

Мына мақалдан секем алғандай, алда отырган адамның өңі қуқыл тартып:

— Атыңыз кім? — деді.

— Дарқан.

— Мұңғыл созі емеспе екен?

— Болар. Аталарымыз ана Тоқта-Барлық тауында әріде жаугершілік жасаң, жортуылда жылқы алысып, беріде ауыл аралас, қой қоралас, қалмақтен қоңсы отыrsa керек.

Тері илеуді Доржы деген қалмақтан үйреніп едім, — деп, алғашқы сауалға жауабын толықтыра түсті.

— Қайыс илеуғе қалмақ, тым үста. Өтіз бен түйе терісін де матадай жұмсақ қып та, қанылтырдай қатты сірі қып та илеуші еді Доржы. Қалмақтың бұғы терісінен өрген жіңішке жан арқаны жібектей сусылдал, асауга шалма тастаганда, жазылыш барып, қыл мойынга қапысыз түсүші еді-ау шіркін.

Қымызшы тары қызып кеттім бе деп, қысылып кілт басылды.

Қара "ЗИМ" төрт қатар ағаш егілген саялы көшеге бұрылғанда, Алатау анадай жерден ап-айқын көрініп, қымызшы томағасын алған бұркіттей, тауга тесіле қарады. Арасын ағаш бөлген, тасладай тартылған екі жолдың оң жағымен қара "ЗИМ" өрті қарай жүрісін өзгертіп, екшіндете жөнелгендей болды. Соның арасынша тоқтаң та үлгеріпті. Манайы тып-тыныш, қос қабааты үйдің алдына келіпті. Торсығын қолтығына таман жоғары көтеріп, есіктен екі бүктеліп шыға алмай жатқан қариттың қымыз торсығын:

— Ага, маган беріңіз, — деп шопыр жігіт тез алышп, екеуінен бұрын жіті басып қақпа ашты. Аула ішіне кірген соң, мешіт терезелі, ою өрнегі көзге таныс сықылды қора-жайға түбінен төбесіне дейін бір қарап, Дәкең торсығы кеткен жаққа бұрылмақ болғанда, үй иесі:

— Былай жүрейік, — деп, түйетайлы ойқылға қарай өзі аздан алға шықты.

Етегі дәңгелек қаллагынан, еңкейте кимесе де, бурыл бүйра шашы бұрқыран көрінеді. Жасында иықты жігіт

болғандай. Қазір жоны дөңестеніп, оны білдірмей тұр.

Үй иесі есік ашып: "кәне, кіріңіз" деп құрмет көрсегті.

Алдымен кірген Дәкең кең бөлменің қай жағына беттерін білмей, бөгеліп қалды.

— Төрге шығыңыз, — деп үй иесі ұзын жайылған дастархан столдың аржагындағы орындықты екі алақанын жая нұсқады. Өзі қаллагын алыш қарсы отырды.

Денесіне сай бас та біткен екен. Маңдайы осындай кең, қасқа болмаса, мына бастың бәрі қүйқа боп кетпей ме? Шашы түспей тұрып та, келісті кең маңдайлы болғаны терісінен белгі беріп, табы сақталған. Қазір де бастың шашы бар жері жетіп жатқандай. Үй иесіне қадала қарап қалған Дәкең: "Айтпақшы, өз атың кім еді?" — деп жөн сұрады.

— Мұхтар.

\* \* \*

Шай үстінде Дәкең көсіле сөйлеп, Мұхаң күлімсіреп көп тындағы. Әңгіме бір ауық қымыз жайына ауысты.

— Қазақ "ақ" сатқанды жаман ырымға санайды. Әйттеір, қарап жатпас үшін, көсіп қып жүрмін. Және өзім қымыз құмар адаммын, — деп Дәкең Мұхаңмен сауда-достық қана жасамай, аралас ағайын болғысы келетінін аңдатты.

— Осы өз меншік үйің бе, әлде үкіметтікі ме? — деп сауал қойды қонақ, бағана бір өзірде, үй ме, кеңсе ме дей жаздағанын іштей терістеп.

— Өз қаражатыммен салдырып едім, — деді Мұхаң, "меншік" деген сөз құлагына қолайсыз естіліп. "Тірлікте осындай үйде отырғанға не жетсін!" — деп Дәкең терезе жаққа көз тастады. Алатау тағы да көз алдына тұра қалды: сай-сала, жыра-жылғасына дейін көрініп тұр. Қарагайының қай жерден басталып, қанша өрлең барып тоқтағаны, одан аргы жалаң қарлы шың — бәрі дүrbімен қарагандай ап-айқын.

Қайтпақ ыңғай білдіріп, қозғалақтаған қымызшыға Мұхаң: "Тамақ ішін кетініз, ана бөлмеге отырайық," — деп төрт қабырғасы түгел "иін сүйескен" кітапқа толы бөлмеге бастап кірді.

Дарханның екі көзі қалтаған кітапта.

Мұхаң:

— Туган жеріңіз қай жақ? — деп қымызшыны қозғап жіберді.

— Мына Ушарал маңы. Алакөл айналасында туып-өсіп, көшіп-қонышпыз, — деп, Дархан қолын албаты сермей салды.

— Мениң туган жерім Абай ауданы.

— Е, “Жылай-жылай өлгенде,

Арттағыга сөз қалсын!” — деген Абайдың қазаққа айтпаған ақылы жоқ қой, деп өзі жөн айттып кетті. Мұхаң жымып қойды. Дәкең біресе сансыз кітапқа, біресе алдында түрған тас мүсін қара бүркітке қарал :

“Осы кітаптың бәрін өзің оқып шықтың ба?” — деп тосын сұрады. Мұхаң, шынында да, арасында оқылмаганы бар шыгар деген күдікті оймен бір сәтке сөредегі кітаптарды шашашаң шолып өтті.

— Оқыдым, — деді сабырлы үнмен.

— Осынша кітапты оқуға гұмыр жете ме?

— Фұмырды арнадық қой, — деді Мұхаң терең дем алып.

Екеуі кітап сөресінен көз алмай сөйлесіп отыр.

— Мен оқыттың тыңдаймын. Дарқан бүркіт мүсінін сипап, “тұз бүркіт-ау” деп баға беріп, өз-өзінен құбірледі.

**Мұхаң :**

— Бүркіт салған шығарсыз.

— Бүркіт жайлы білмеймін, бірақ бала күнімнен аңкес болдым. Қыргауыл мен қара құрға тұзақ, құрып ұсташы едік. Қақпан салып, қоңыр аң, тұлқі, қасқыр алған кезіміз болды, — деп Дархан үй иесінің өзіне бірдеңе айтпақ, сыйнайын сезіп тоқтады.

— Бүркіт салған қызыққа батып алады, қақпан салған үйінде жатып алады, дегендей, — қақпаншымын деңіз! — деп қызықташ қалған Мұхаңа қақпаншы:

— Қақпанды қай қарық болғаннан салады. Қақпанын арқалаш тау-тасты жаяу кезген кедейді келемеж еткені гой, — деп кедейшіл көрінгісі келді. Қонағының көңіліне кеп қалды ма дегендей, бұрынғылар өзіл үшін айтқан сөз емес не, Дәке, — деп Мұхаң Алакөл өніріндегі ақын, әнші, ертеде откен домбырашылар туралы сұрап еді, Дархан:

— Ақын Әсегті, әнші Арапты, күйші Қайрақбайды көрдім. Адамзатта туда береді екен гой бұлардай адам, — деп таңдашып, Мұхаң естімеген небір соны әңгімеге жүзе жөнелді.

— Ақын Арап Сәмет төремен тұстас. Төре оны құрмет тұтып өзілдесіп өлең хаттар жазысқан.

Арап ақын бірде Сәмет төренің ордасына қонаққа келсе, төре үйде жоқ екен. Төренің ханымы салқын күтіп аттандырса керек ақынды. Астам көңіл Арап атын мама ағашқа байлатпай, үйдің белдеуіне байлатады білем. Мұны ханым шам көріп, Арапқа шайнау мінез көрсеткен деседі.

Арап ергеңіне аттанарада Сәметке хат жазып кетіпті. Мұхандың ден қойып тыңдағанына шабыттанып Араптың Сәметке жазған өлеңінен бір-екі аузын есіне түсіріп:

“...Ежелден әйел заттың көкайылын,

Білуші ем еркек сөйлеп жеңбейтүғын.

Жолдагы Төлеңгітке қона салмай.

Таптым-ау мінезімнен өрлейтүғын”, – деп тоқтады Дәкен. Мұхаң жазып алайын деп бір оқталды да, өлеңді ойына сақтап қалды.

– Бұдан кейін Арапқа жазған Сәмет төренің де өлеңі бар. Араптың руы Тоқпақ, Ұраны Қасабай батыр.

“Келіпсің анадайдан андағайлаң,

Атыңды ағаш тұрып, үйге байлаң.

Қашаннан ата мұра Тоқпақ салтың,

Шапса да қойға қасқыр Қасабайлаң.”

Мұхаң құлай тыңдал, Дарханның әңгімесін жи құптаң, жарыса ойланып, қарсы алдындағы қарапайым адамға таңдана қарайды. “Абай ауылының әр шалына қалам берсө, бір-бір роман жазып тастар еді”, деген бір жақсы өзілді мына қымызды да шынга шығарып отыр. Осылар оқыса, осы жолда еңбек етсе гой. Бұлар шын талант.

\* \* \*

Қымызды көк базардағы орнынан шопыры алып тұратын болды. Мұхаң мөлшермен бір ай алып тұратын қымыздың ақша ұсынып, үйден екеуі ескі достарша әңгімелесіп шыға бере тоқтады.

Дархан:

– Мұхтаржан, пәмилең кім? – деп қалды өзімсінген адамына “сен” деп те, “сіз” деп те атамай, сынайы сөз табатын әдетімен.

– Әуезов.

– Сәбит Мұқан, Мұхтар Әуез! – деп, Дархан Мұханды қапсыра құшақтай алғысы кеп, онисын тез терістен, жай-

ган қолын жылдам түсіріп, Мұхаңың оң қолын қос алақа-  
нымен аялай үстап, өз көкірегіне емірене басып, көзін тас  
жұмыш тұрып қалды да:

— Я, құдай, біреуге Қызыр пайғамбар кездесінгі десе,  
қандай нанбас едік, — деп, жасаураган көзін ашып, сенер-  
сенбес Мұхаң қарады. Мұхаң мұның көзіне мұнартып,  
тұлгаланып кетті. Қазір гайыш бол кетердей, бір құния құ-  
былыста тұргандай алдындағы алып адам.

— Автобусыңыз жүретін жерге шопыр апарып салады,  
ал жақсы, — деп, Мұхаң да қимай қараң қалған.

— Мұхтаржан, қонақ бол, тай соямын! Ауыл Ақсанғірде,  
— деді Дархан қария бір тұрлі тәмендеп, шөгін кеткендей.  
Мұхаң ақ, көңіл, Дарханның қатты тебіреніп толқығанын  
аялаи, оны аға тұтып:

— Бүйірса, барамын, барамын, жеңгемізге сәлем айты-  
ңыз! Өзінізді арнайы шақырып, әңгімелесеміз. Аман болы-  
ңыз, қарайласып тұрамын, — деп, Мұхаң қақпа алдынан  
қайтты. Көкбазардағы автобус аялдамасына апарып салған  
шопыр жігіт Дарханның торсығына қоса тағы бір заттарды  
сыртында піл суреті бар қалбырдағы шай мен қораптағы  
қымбатты қемнітті ұсынды.

"Ойныр-ай, қандай данышпан адам, қандай сырбаз! Ыды-  
сын құр қайтармайтын қазақ жөнін де қалай біледі. Эйелі  
ме еken, өзі ме еken?" — деп өң мен түстей күй кешіп,  
қайда баарын, қайда отырғанын аңдамай, Дархан қария  
қайтып бара жатты.

3-9 қыркүйек, 1977 жыл